

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ: ТҮСІНІКТЕРІ МЕН ТҮРКІ ЕЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСТЕРІ

Ж.Г. САРСЕНБАЕВА*
А.А. КАЛИЕВА*

Түйіндеме: Мақалада ұлттық идеология түсініктері ашылады. Автор ұлттық идеология түсініктерін ашуда ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін басшылыққа ала отырып, ортақ тұжырым жасайды. Ұлттық идеология түсініктерін Қазақстан мысалында талдап, оның ерекшеліктерін ашуға тырысады. Ұлттық идеология мен мемлекеттік идеологияның өзара айырмашылықтарын талдайды. Ұлттық идеологияның құрылымдары да анықталады. Олардың әрқайсысына нақты баға беріліп, ерекшеліктері сипатталады. Мақала барысында автор бірқатар тың тұжырымдар жасайды. Қазіргі таңдағы ұлттық идеологияның мүмкіндіктері мен түсініктеріне қатысты ғылыми танымның нысаны ретінде анықтаудың кешенді жұмыстарын жүргізу қажет. Оны тұтас көзқарас жүйесі ретінде қарастыру керек. Аталған мақсаттарды толыққанды жүзеге асуы үшін бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылуы тиіс. Олардың қатарында ұлттық идеологияның заңнамалық негіздерін қалыптастыру. Ұлттық идеологияның орнығуына ерекше көңіл аударатын бір мәселе бар. Ол науқаншылық. Науқаншылық – ең маңызды деген мәселелерді уақытша құбылысқа айналдырады. Ұлттық идеология мемлекеттегі тұрақтылық пен тұтастықты дамытуы тиіс саналады. Елдегі тұрақтылықтың шешуші факторлары қатарында ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімнің алар орны ерекше. Ұлттық идеология тәуелсіздікті сақтау, мемлекетті нығайтуды басты мақсат етуі тиіс деген қорытындыға келеді.

Кілт Сөздер: *Идеология, Ұлт, Саясат, Тұжырым, Патриотизм, Құндылық.*

National Ideology: Concepts and Phenomena in Turkish Countries

Abstract: The article reveals the concepts of national ideology. The author draws a common conclusion, guided by the results of research work in revealing the concepts of national ideology. He analyzes the concepts of national ideology on the example of Kazakhstan and tries to reveal its features. Analyzes the mutual differences between national ideology and state ideology. The structures of national ideology are also determined. Each of them is given a specific assessment and features are described. During the article, the author makes a number of new conclusions. In relation to the possibilities and concepts of modern national ideology, it is necessary to carry out comprehensive work on the definition as a form of scientific knowledge. It should be considered as a whole system of views. For the full implementation of these goals, a number of systematic work should be carried out. Among them is the formation of the legislative foundations of national ideology. There is one point that pays special attention to the establishment of national ideology. He is a campaigner. The campaign turns the most important issues into a temporary phenomenon. National ideology should develop stability and integrity in the state. National unity and social harmony occupy a special place among the key factors of stability in the country. It comes to the conclusion that national ideology should be the main goal of preserving independence and strengthening the state.

Key Words: *Ideology, Nationality, Politics, Concept, Patriotism, Value.*

Тек Қазақстан ғана емес, әлем елдерінің барлығы өздерінің ішкі саясатындағы маңызды мәселелердің бірі ретінде ұлттық идеологияны таниды. Оның өзіндік себептері де бар. Ұлттық идеология толыққанды қалыптасқан жағдайда, оның мүмкіндіктері зор. Ол тек белгілі бір ұлтты ғана емес, нақты бір елдің азаматтарын да белгіленген идея төңірегіне біріктіреді. Рас Қазақстан өз тәуелсіздігіне ие болған алғашқы жылдардан-ақ ұлттық идеология мәселесіне ерекше назар аударды. Әрине Қазақстан Республикасының ұлттық идеологиясының өзегін қандай идеялар құрауы тиіс деген сұраққа әртүрлі пікірлер айтылды. Бірақ нақты бір тоқтамға келген жоқ. Зерттеушілердің бірқатары ұлттық идеологияның өзегін салт-дәстүрлер құрауы тиіс десе, ендігі бірі қазақ ойшылдарының даналық сөздері деген пікір айтты. Арасында ұлттық идеологияның негізін дінмен байланыстыру керек деген пікірлер де болғаны жасырын емес. Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет деп жариялаған, сол

* Қауымдастырылған Профессор М.А., Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, Саяси Ғылымдар Кандидаты, Алматы, Қазақстан. e-mail: zhakentiy@mail.ru

* Қауымдастырылған Профессор М.А., Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, Әлеуметтану Ғылымдар Кандидаты, Алматы, Қазақстан. e-mail: kaliyeva.aliya1982@gmail.com

себепті ұлттық идеологияны дінмен байланыстыру қисынға келмейді. Демек ұзақ жылдар бойына ұлттық идеология және өзегі деген мәселе талқылау үстінде болды. Біздің пікірімізше ұлттық идеология алдымен ұлт мүддесіне құрылуы тиіс.

1990 жылдан бастап адамзат бірқатар терең саяси-экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді басынан өткізгені белгілі. Аталған өзгерістер өз кезегінде тек Қазақстан ғана емес, халықаралық саяси аренадағы геосаяси ахуалдарының өзгерісіне алып келді. Іргетасы мызғымастай берік болып көрінген КСРО-ның ыдырауымен байланысты болып шықты. 70-жылдан астам уақыт бойына бір елдің туы астында одақтас ел болып саналған мемлекеттердің жеке өз алдына бөлініп шығуы, әрине халықаралық саяси аренада бірнеше жаңа мемлекеттердің пайда болуына жағдай жасады. Сөзсіз мұндай өзгерістер ең алдымен әлемдік саяси карта мен халықаралық саяси аренада күштердің ара салмағының өзгеруіне алып келді. КСРО-ның ыдырауымен осыған дейін үстемдік етіп келген идеологиялық ықпал мен саяси күштердің әсері жоғалып, Қазақстан үшін дамудың жаңа бағыттары мен кезеңдері ашылды. Коммунистік идеологияның әсері жойылып, дербес шешім қабылдауға әсер ететін күштердің жоқ болуы сынды дамуға оң әсерін беретін мәселелер өмірге келді. Ал 2000 жылдан бастап әлем елдері жаһандану деп аталатын үдеріспен бетпе-бет келді. Бұл үдеріс әсіресе ішкі әлеуеті мен мүмкіндіктері шектеулі аздаған ұлттар үшін қауіпті. Өйткені жаһандану үдерісі барысында алып елдердің мәдениеті мен дүниетанымы кеңінен таралады. Азшылықты құрайтын болса, осы мәдениеттің ықпалына түсіп, бір ұлтқа айналуы мүмкін. Жаһандану жағдайында әр ұлт немесе әр мәдениет өкілі өздерінің бірегейлігін сақтап қалуға тырысып, осы бағытта жүйелі жұмыстар атқаруда. Әрине мұны заңдылық деп қабылдауымыз керек. Барлығы да өз бірегейлігінің ұзағынан болуын ойлайды. Екі маңызды үдерістің жүріп жатқандығының өзі біздің де осы мәселеге аса бір мән беруіміздің керектігін байқатады. Өз ұлттық бірегейлігін сақтау әрекеттері және әлемнің бір тұтастануына жағдай жасайтын алып келетін жаһандану үдерісі екендігін анық көрсетеді.

Әрине жаһандану жағдайында әр ұлт өз бірегейлігін сақтаймын деп, заман көшінен де қалып қоймауы тиіс. Барлық елдерден бас тартып, өз-өзімен өмір сүріп, әлемдік үдерістерге қатыспай тыс қалу сөзсіз әр мемлекеттің және ұлттың дамуын тежейтіні анық. Бұл келтірілген факторлардың өзі ұлттық идея мәселесі өзекті екендігін көрсетеді. Ұлттық идеология мемлекеттік деңгейде шешімін табуы тиіс. Өйткені қалыптасатын ұлттық идея нәтижесінде азаматтық қоғам қалыптасады және тұтастай мемлекеттің жаңа жағдайға сай дұрыс дамуына қол жеткізеді деген пікір бар [1, с. 43].

Зерттеушілер ұлттық идея туралы сөз қозғағанда бірқатар мәселелерге ерекше мән беріп, естен шығармайтын бірқатар мәселелер бар деген пікір айтады. Бір ерекшелігі ұлттық идея жекелеген бір ұлттың ғана рухани феномені деп айта алмаймыз. Ұлттық идея ұлт деңгейінен жоғары және ол бүтіндей өркениеттік ұстанымдардың сақталып қалуына жағдай жасай алады. Қалыптасқан пікірге сай ұлттық идея ұлттың дүниетанымдық ерекшеліктерінің ортақ гуманистік принциптерге сай болуына қамтамасыз етеді. Сонымен қатар маңызды міндеттерінің бірі мемлекет пен ұлттың қажеттіліктерін орындай алады. Ұлттық идеология мемлекеттің құқық саласымен де тығыз байланысып, әрекет ету арқылы жаңа әлеуметтік-мәдени құрылымды жасап шығарып, оның сапалы болуын қамтамасыз етеді. Ұлттық идея өз кезегінде экономикалық жүйенің де саяси жүйенің де өзара байланысып, тарихи сабақтастыққа негізделуіне жағдай жасайды. Ең бастысы ұлттың мәдени болмыстың және тілдік қолданыс ерекшеліктерінің барынша сақталуына алып келеді.

Ұлттық идея қоғам мен мемлекет алдындағы мұндай маңызды қызметтерді барынша жауапкершілікпен орындай алады. Ұлттық идея мәселесіне қатысты отандық гуманитарлық ғылым салалары, соның ішінде тарих ғылымы арнайы теориясын

айқындаған да болатын. Алайда ұлттық идеяның нақты даму бағыттарын ұсыну және аталған мәселеге қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу ісі назардан тыс қалып келеді. Бұл әрине тез арада шешімін табуы тиіс. Өйткені ұлттық идея бүтіндей бір ұлтты және мемлекет азаматтарын ұлы мақсаттарға біріктіре алады. Сондықтан аталған мәселенің ғылыми айқындамасы анықталуы тиіс. Сонымен қатар ұлттық идея мемлекет ішіндегі азаматтардың әлеуметтік жіктелісін еңсерудегі рөлі де жоғары деп айта аламыз. Мысалы, құқық саласының жетілуіне үлес қосып, азаматтық қоғамның қалыптасуына шешуші ықпал ете алады деп айта аламыз. Бүгінгі таңда ұлттық идеяға қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстары жоқ деп айта аламыз. Зерттеу жұмыстары ұлттық идея мәселесін тек жанама мәліметтер беру арқылы ғана сипаттап өтеді. Мұның өзі аталған бағыттағы зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізуді және бұл тақырыптың өзекті екендігін көрсетеді.

Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ басқа да жекелеген ғылыми-зерттеу жұмыстарында, білім беру бағдарламаларында біз ұлттық идея немесе ұлттық идеология сөзін жиі қолданамыз. Бірақ бұл ұғым түпкілікті мәнінде және түпкі айтатын ойы туралы түсініктемелер шектеулі беріледі. Бүгінгі қоғам үшін, тіпті бүгінгі посткеңестік қоғамда да ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі дәл осы ұлттық идея және оның тарихи бастаулары тақырыбы болып табылады. Осы ретте ғылыми-зерттеу жұмыстары да ұлттық идея түсініктері мен мәні, мақсаты, тарихи бастаулары сынды мәселелерге ерекше мән береді. Мұндай жағдайды Қазақстан мысалынан да байқаймыз. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, әлеуметтік желілер, күнделікті тұрмыстық әңгімелер, ғылыми бас қосулар барысында ұлттық идея мен ұлттық идеология мәселесіне негіз болатын тарихи бастаулар туралы көп айтылады. Бабалар салып кеткен адалдықтың мысалы мен батырлық, көшпелі әрі дәстүрлі қазақ қоғамындағы жауынгерлік рух пен парасаттылық, данышпандылық пен білімпаздық сияқты асыл қасиеттермен көзге түскен бабаларымыздың өмірін үлгі ететін, өскелең ұрпаққа өнеге алуға шақыратын бастамаларды, пікірлерді жиі естуге болады. Әрине ұлттық идея мен ұлттық идеологияның негізі болуға толыққанды мүмкіндігі бар мұндай идеялардың жиынтықтары ғылыми тұрғыдан негізделіп, тиісті бағасын алуы тиіс деп санаймыз.

Ұлттық идея мәні мен түсініктері туралы қазіргі тарихи-философиялық анықтама сөздіктерінде ұлттың өзін-өзі тануға бағытталған және осы әрекеттерге түрткі болатын түсініктер мен ұғымдардың жүйеленген түрі ретінде түсіндіріледі. Мұндай түсініктер негізінен әлеуметтік-философиялық сипаттағы мәтіндер мен қоғамдық-саяси мәтіндер түрінде беріледі. Ұлттық идея ұғымы көркем шығарма түрінде де кездеседі. Тарихи-философиялық сөздіктерде ұлттық идея деп белгілі бір ұлттың өзіне ғана тән ерекшеліктері мен тұрмысын түсіну ретінде қарастырады [2, с. 557]. Біз өз кезегімізде аталған анықтаманы қолдаймыз. Өйткені ұлттық идеология нақты бір ұлттың тек өзіне ғана тән құндылықтары мен бірегейлік түсініктеріне құрылуы тиіс. Ұлттық идеология сол ұлттың қалыптасу тарихымен бірге ұштаса отырып жасалады. Әлем қанша халық болса, соның әрқайсысының өз даму және қалыптасу жолы бары анық. Ол бірнеше кезеңнен тұрып, сол нақты бір ұлттың ғана ерекшеліктерін ашып тұруы мүмкін. Ұлттық идеологияның негізгі мәні біздің пікірімізше қандай да бір ұлт неліктен тек өзіне ғана тән қасиеттерді бойына жинады деген мәселе. Зерттеуші А. Агаев пен С. Широкогоровтың еңбектерінде «ұлттық сана деп кез-келген азаматтың өзін белгілі бір ұлтқа жатқыза алуымен байланысты» деп санайды [1, с. 17]. Зерттеушілер өз кезегінде ұлттық идеологияны ұлттық ерекшелікпен байланыстырады. Рас кез-келген ұлт өзінің қалыптасу және даму жолында өзіне ғана тән дүниетаным мен тіл, діл және дәстүр түрлерін қалыптастырады. Сол себепті белгілі бір азамат сол тіл мен дүниетанымға өзін жақындатып, сол ұлттың өкілімін деп санауы арқылы ұлттық идеология мен ұлттық бірегейлік мәселесі айқындалады.

А. Багдасарованың еңбектерінде ұлттық идеологияны кешенді мәселе ретінде қарастыру байқалады. Өйткені зерттеуші ұлттық идеология ұлттың бір ғана ерекшелігі емес, барлық құндылықтарын қамтиды деген пікір білдіреді [3, с. 56]. Рас ұлттық идея түсінігі кешенді мәселе. Ол тек бір ғана ұлттық ерекшелікті ғана қамтып қоймайды. Сонымен қатар ұлттың әлеуметтік ерекшелігі мен сол ұлт құрған мемлекеттің принциптері, саяси ұстанымдары мен мәдени болмысы сияқты маңызды мәселелерді де қамтиды. Сол ұлттың қалыптасуының тарихи ахуалы да өзіндік маңызға ие болады. Мұның барлығы да өз кезегінде ұлттық идеологияны құрайтын маңызды факторлар. Әсіресе мемлекеттің саяси ұстанымдары мен ұлттың мәдени болмысы аса маңызды деп санаймыз. Мемлекет саяси институт ретінде азаматтарының өзара қарым-қатынастарын реттеп, қандай ақпарат ағымында өмір сүру керектігін айқындай алады. Сол себепті де мемлекет ұлттық идеологияны қалыптастыру ісінде де өз саяси ұстанымдарымен ұштастырады. А. Багдасарованың ұлттық идеологияны кешенді мәселе деп қарастыруы да заңды мәселе. Зерттеушілер арасында ұлттық идеологияны тек руханият және мәдениетпен ғана байланыстырып қоюы да дұрыс емес. Ол өз бойына қоғам өмірінің ең маңызды құрылымдарын біріктіреді.

Ұлттық идеология белгілі бір дәрежеде мемлекет пен қоғамның даму үдерістерінің нәтижесі де болып табылады. Өйткені сол мемлекетті құраған ұлттар өз елдерінің тарих сахнасынан жойылып кетпеуі үшін әрекет етіп, дамиды. Осы даму жолында әр ұлт өзіндік діл мен ұлттық дүниетанымдар жүйесін қалыптастырады. Мемлекет болса өз кезегінде ұлт үшін пайдалы болатын даму жолдары мен бағыттарын анықтайды. Ол даму жолдары мен бағыттары алдымен ұлттық мен ұлт үшін қызмет ету түсініктерімен тығыз ұштасуы тиіс. Мемлекет саяси институт ретінде ұлттық идеология ұлттың алдағы уақыттағы баянды дамуы, өткенін ұмытпай қызмет етуге мән береді [4, с. 13]. Демек бұл жайттардан байқайтынымыз ұлттық идеология деген мәселе бір нақты пікір немесе анықтамамен ғана шешілетін мәселе емес. Ол жан-жақты әрі кешенді мәселе.

Зерттеушілер арасында ұлттық идеологияға қатысты әртүрлі пікірлер болғанымен, ең бастысы ұлттық идеология үнемі танымдық мәндегі, адамгершілік пен құндылықтар жүйесімен, сонымен қатар ұлттың өзіне тән сенім жүйелерімен тығыз байланыста түсіндіріледі. Қарастырып отырған тақырыпқа байланысты жарық көрген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен іргелі еңбектердегі жетекшіл идеяларды басшылыққа ала отырып, біз ұлттық идеология ұғымы мен патриотизм түсініктерін шатастырмау керектігіне көз жеткіземіз. Патриотизм сөзсіз ұрпақтар сабақтастығында және отаншылдық сезімін қалыптастыруда алар орны ерекше маңызды. Патриотизм тұлғаның Отанға деген, сонымен қатар өзі туып өскен жері, өмір сүретін ортасына деген ықыластық, жақсы көру сезімін білдіреді деп айтуға болады [5, с. 67]. Патриотизм қоғамды белгілі бір мақсатқа топтастыруында ерекше күш екендігі белгілі. Мемлекеттің қоғамдық-саяси тұрақтылығы және мемлекеттің халықаралық саяси аренадағы қауіпсіздігі мен өзге де маңызды мәселелерінің де тиісті деңгейде орындалуына да жағдай жасалады. Біздің пікірімізше патриотизм тіл мен дін, сонымен қатар әдет-ғұрып және салт-дәстүр сияқты ұлттық идеяның негізгі құрылымдары мен бөлшектерінің бірі болып саналады. Сол себепті де ұлттық идея түсініктері көп жағдайда патриотизммен шатастыру орын алып жатады. Бұл турасында зерттеуші А. Багдасарова осы келтірілген түсініктерді ұлттық идеяның пайда болуының алғышарттары немесе оған түрткі бола алатын күш ретіндегі ықпалын жасыруға болмайды деп санайды [3, с. 51-54].

Ұлттық идеологияның құрылымдарына қандай деген мәселе туындайды. Біздің пікірімізше, ұлттық идеология ел азаматтарының дұрыс әрі жайлы өмір сүруіне қажетті барлық саланы қамтиды. Мемлекет ішіндегі азаматтардың қалыптасуы, өзіндік

қоғамдағы орны мен оның алдағы уақыттағы даму болашағы сияқты маңызды мәселелердің барлығы дерлік ұлттық идеологияның маңызды құрылымдарының қатарына жатады. Мұны біз ұлттық идеологияны қалыптастыру бағытындағы жоспарлы бағдарлама деп те атаймыз. Жоспарлы бағдарлама нақты бір елдегі ұлттық идеологияның дұрыс қалыптасуына түрткі болады. Мысалы мемлекет тарапынан ұйымдастырылатын шаралар, сонымен қатар халықаралық маңызы бар оқиғалардың барлығы дерлік ұлттық идеологияның құрылымдарына жатады. Мысалы еліміз мемлекеттің демократиялық бағытта дамуына көп көңіл бөліп, осы бағытта бірнеше халықаралық ұйымдарға мүше. Мемлекетіміздің Конституциясын да аталған бағытта қалыптастырдық. Демек ұлттық идеология өз кезегінде әлемдік саясат пен экономикалық тұрғыдағы сабақтастық мәселелерін де қамтиды. Сондықтан да біз ұлттық идеология халықаралық маңызы бар шаралар мен құжаттар, заңдар мен қаулыларды да қамтиды деп айта аламыз. Осы тұрғысында В.И. Карасиктің ғылыми-зерттеу жұмысы барысында құндылық деген ұғымды талдауына мән берсек. Зерттеуші құндылықты мәдениеттің шыңы немесе өзін-өзі ұстау дәрежесі деп бағалайды [6, с. 25-27]. Сол себепті де біз ұлттық идеологияның маңызды құрылымдарының бірі деп құндылықтар жүйесін атаймыз. Құндылық пен адамгершілік ұғымдары бірін-бірі толықтырушы ұғымдар. Жекелеген адамның бойында кездесетін адамгершілік қасиеті немесе құндылығы аса маңызды. Мұндай жоғары адамгершілікті азаматтар көп болса, ол жалпы ұлттық сипатқа айналады. Осы үшін де белгілі бір қасиеттер нақты бір ұлтқа ғана тән болып көрініп жатады.

Ұлттық идеологияның маңызды құрылымдары қатарында патриотизм түсініктері бар деп санаймыз. Патриотизм ұғымы мемлекет үшін де маңызды. Өйткені патриотизм азаматтарды ортақ бір идеяға біріктіреді. Патриотизм ұғымдары өз кезегінде жастар саясатымен де тығыз ұштасып жатыр. Біздің пікірімізше ұлттық идеологияның маңызды құрылымдарының бірі құқық болып табылады. Кез-келген мемлекет құқықтың тиісті, жоғары деңгейде жұмыс жасауына қол жеткізуді ойлайды. Осы арқылы азаматтар арасындағы қарым-қатынастар реттеліп, мемлекеттің болашақ бастамалары қалыптасады. Мемлекеттің құқықтық негіздері тек заң ғана емес, сонымен қатар түрлі мемлекеттік даму стратегияларымен де тығыз байланысып жатыр.

Бүгінгі күні ұлттық идеологияға байланысты ғылымда түрлі пікірлер бар. Мысалы зерттеуші С. Сулакшина өзінің жұмысында ұлттық идеологияға қатысты қызықты мәліметтер береді. С. Сулакшина ұлттық идеология азаматтардың барлығына ортақ болуы тиіс құндылық деп атайды. Демек ұлттық идеология азаматтардың саяси ұстанымдары мен діни көзқарастары, мәдени болмыстарының әртүрлі болуына қарамастан ортақ болуы керектігін атап өтеді [4., с. 62]. автордың ойын толықтай қолдаймыз. Мысалы бір қоғамда әртүрлі адамдар өмір сүреді, яғни қолданыс тілдері де әртүрлі азаматтар бір мемлекет аумағында өмір сүру әбден мүмкін. Сол сияқты зайырлы мемлекет болған соң, әртүрлі діни көзқарастар да бір қоғамда өмір сүре береді. Оның жақсы мысалы Қазақстан Республикасы. Біздің қоғамда қазақтардан бөлек өзге де ұлт пен ұлыстар өмір сүреді. В. Сальниковтің ғылыми-зерттеу жұмысында да ұлттық идеологияға қатысты да қызықты мәліметтер береді. Зерттеушінің пікірінше кез-кеген мемлекет белгілі бір идеологиясыз өмір сүре алмайды деп санайды [7, с. 194]. Біз де өз кезегімізде мемлекет үшін идеологияның маңыздылығын атап өтеміз. Өйткені идеология азаматтардың бірігіп өмір сүруіне жағдай жасайды.

Белгілі бір мемлекет аумағында әртүрлі ұлттар өмір сүргенімен нақты бір ұлт мемлекет құраушы ұлт болуы мүмкін. Әлемдік тәжірибеде осындай жайттар көп. Біздің елімізде де жүзден астам ұлттар өмір сүргенімен қазақ халқының мемлекет құраушылық рөлі жоғары. Мысалы «Қазақстан Республикасын мемлекеттілік

сәйкестікті қалыптастыру тұжырымы» деп аталатын құжатта да еліміздегі мемлекеттіліктің негізі қазақ халқымен байланысты деп қарастырылады.

Ұлттық идеология өз кезегінде тек мәдени-рухани құндылықтарға ғана сүйеніп қоймайды. Оның құқықтық негіздері де болады. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Егемендігі декларациясында Қазақстан Республикасы қазақ халқының өзін-өзі басқару құқығына сай құрылды дей келе, өзге ұлттардың тең құқықтары туралы ой айтады. Рас мемлекеттік идеология этнос қалыптастыру ойымен ұштасқан жағдайда және өзге ұлттардың мүддесі де қорғалғанда ғана толыққанды мемлекеттілік орнығады.

XXI ғасырдың өзіндік ерекшелігі заман дәуір болып табылады. Өйткені қазіргі таңда мәдениеттер мен өркениеттердің әртүрлілігі салдарынан нақты бір ұлттың өзі бірнеше топтарға бөлініп кетіп отыр. Бір ұлттың ішіндегі әртүрлі діни көзқарастар мен саяси ұстанымдардың болуы салдарынан бір ұлттың өзі жік-жікке бөлініп, бір-бірімен жау болып отырған жайттар өте көп. Мысалы бір ғана кәріс елінің тәжірибесі соның дәлелі. Өйткені әртүрлі даму жолын тандаған бір ұлттың өзі екіге бөлініп, бір-бірімен жау болып отыр. Демек ұлттық идеология ұлтты біріктіруші қасиетке ие болуы тиіс деп санаймыз. Ұлттық идеология мемлекет азаматтарын ортақ мақсаттарға жұмылдырып, ортақ даму құндылық идеясын насихаттауы тиіс.

Зерттеуші О.Е. Кутафиннің ғылыми-зерттеу жұмысында да кез-келген мемлекет идеологиясыз өмір сүре алмайды деп ой айта келе, мемлекетте нақты бір идеологияның болуы ең алдымен қоғамды дамытып, азаматтардың ортақ құндылықтарға бірігуіне алып келеді деп санайды [8, с. 121]. осы келтірген жайттардан байқағанымыз мемлекет идеологиясыз өмір сүре алмайды. Осы тұрғысынан келгенде Қазақстан үшін ұлттық идеология бола алатын идеялар жиынтығының бірі - Мәңгілік ел идеясы болып табылады деп санаймыз. Ұзақ жылдар көлемінде ұлттық идеология бола алатын идеялардың мүмкіндіктері талқыланып келді деген болатынбыз. Міне осы тұрғысынан келгенде Мәңгілік ел идеясының мүмкіндіктері жоғары деп санаймыз. Өйткені кез-келген мемлекет ұлттық идеология негіздерін қалыптастыра отырып, алдымен мемлекеттің дамуына, жарқын болашағына мән береді. Демек ұлттық идеология мемлекеттің болашағына әсер етуі тиіс. Осы тұрғыдан келгенде Мәңгілік ел идеясы мемлекеттің ұзақ өмір сүруіне түрткі болуы да көздейді. Ұлттық идеология ең алдымен жастар үшін қажет санаймыз. Өйткені жастар тек Қазақстан ғана емес, сонымен қатар әлем елдерінде де жастар қоғам өмірінің негізгі қозғаушы күші саналады. Жастардың белгілі бір идеология шеңберінде әрекет етуі де мемлекет үшін аса маңызды. Мемлекет белгілеген идеялар жиынтығына сай өмір сүруі, алдағы уақытта мемлекеттің дамуына өз үлестерін қосуының басты кепілі болып табылады.

Қазіргі таңдағы түркі елдеріндегі ұлттық идеологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы түркі елдері ішінде Түркия елінің ұлттық идеологиясы назар аударарлық. Атап айтқанда Түркияның ұлттық идеологиясы мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттағы басымдылықтары мен қызығушылықтарына құрылады. Мемлекеттің идеологиясы өзінің экономикалық, ресурстық және саяси мүдделеріне сай қалыптастырып келеді. Сонымен қатар Түркия елінің ұлттық идеологиясы десекуляризациялық үдерістермен де тығыз байланысты. Демек зайырлы қоғам құру идеяларымен тығыз ұштасады [9, с. 8]. Сол сияқты түркі елдері арасында Әзірбайжан елінің де ұлттық идеологиясының өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы Әзірбайжан елінің ұлттық идеологиясы мемлекеттің егемендігін баянды ету, зайырлылық принциптеріне негізделген демократиялық қоғам құру, территориялық тұтастықты сақтау идеясымен тығыз байланысып жатыр. Бір ерекшелігі Әзірбайжан елінің ұлттық идеологиясы өзін осы елдің азаматымын деп санайтын барлық ұлттар мен этникалық топтардың теңдігіне негізделеді. Әзірбайжаншылық идеологиясы Республика

Конституциясына негізделген ұлттық қауіпсіздік пен даму принциптерін басшылыққа алады. Бұл идеологияның қалыптасып, дамуында ұлт көшбасшысы Гейдар Алиевтің үлесі мол. Әзірбайжан мемлекеті өз елінің ұлттық идеологиясы насихатталуына ерекше мән береді. Әдебиеті мен музыкасы, кино мен бейнелеу өнері және тағы да басқа салаларда ұлттық идеологияның көріністері насихатталады. Ұлттық идеологиясы Әзірбайжан елінің моралдық және физикалық тұрғыдан әлсіреуіне жол бермеуге негізделеді. Сонымен қатар өзге елдерде тұрып жатқан әзірбайжан ұлт өкілдерімен де тығыз байланыстар орнатып, ұлттық рух пен құндылықтарын ұмытпауға шақырады [10].

Қазақстан Республикасына келер болсақ, ұлттық идеология мәселесін қалыптастыру ісі әлі күнге дейін өзекті. Ұзақ жылдар көлемінде ұлттық идеологияға негіз болатын идеялар жиынтығын қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Соңғы жылдары түркі дәуірінде көтерілген «Мәңгілік ел» идеясына басымдықтар беріліп келеді. Рас «Мәңгілік ел» идеясы Күлтегін дәуірінен бастау алады да, түркі қағандары өздері құрған мемлекетті барынша ұзақ өмір сүруіне мән берді. Күлтегін жазбасындағы «Түркі елінің басты мақсаты – Мәңгі ел» деген сөздері соның дәлелі. Сөзсіз Қазақстан Республикасының ұлттық идеологиясы ел егемендігінің баянды болашағы мен территориялық тұтастығының сақталуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөздерінің бірінде «Мәңгілік ел» идеясының мүмкіндіктеріне баға беріп, бұл идея ұлтты біріктіретін қуатты күшке айнала алады деп түйіндеген [11, 1 б.]. «Мәңгілік ел» идеясының бүгінгі күні қуатты күшке айналып та үлгергені шындық. Бұл ретте «Мәңгілік ел» идеясының қоғам мүшелері тарапынан қолдауға ие болуы мен ғылыми қауымдастық тарапынан қызу талқылануы ең алдымен тарихи негізделе алуымен байланысты.

Біздің пікірімізше ұлттық идеология осы келтірген жайттардан бөлек, алдымен белгілі бір ұлттың дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, тарихы мен дүниетанымына терең негізделгені дұрыс. Сонда ғана ұлттық идеология өзінің мақсаттарын толыққанды орындап, тиісті деңгейде жүзеге асады деп санаймыз. Ұлттық идеология халықтың рухани болмысы мен мәдени құндылықтарына мән бере отырып, заман дамуының ерекшеліктерін де назарға алғаны абзал.

Сонымен кез-келген мемлекет үшін саяси-экономикалық дамумен қатар, азаматтарының белгілі бір идеялар жиынтығына бірігіп, топтасуы да аса маңызды болып табылады. Бұл өз кезегінде мемлекет үшін ұлттық және мемлекеттік идеологияны өз деңгейінде көтеруіне ерекше мән беруін талап етеді. Егер де ұлттық идеология белгілі бір мемлекет аумағындағы көп жағдайда бір ұлтқа арналса, мемлекеттік идеология сол елдің барлық азаматтарын қамтуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хотинец В. Ю. Этническое самосознание. – Санкт-Петербург: Алетейя, 2000. – 240 с
2. Современный философский словарь. – Минск: Панпринт, 1998. – 1064 с.
3. Багдасарова А. Б. Национальная идея: сущность и ее трансформации в русской социально-философской мысли // Вестник Ставропольского государственного университета. – № 36. – 2004. – 283 с.
4. Сулакшин С.С. Национальная идея России. – Москва: Научный эксперт, 2012. – 752 с.
5. Здерева Г.В. Современная концепция патриотизма – основа идейного позиционирования в международном сообществе // Национальная идентичность России и демографический кризис. Материалы Всероссийской научной конференции (20-21 октября 2006 г.). Москва: Научный эксперт, 2007. – 371 с.

6. Карасик В.И Аксиологическая лингвистика. – Новосибирск: НГУ, 2004. – 138 с.
7. Сальников В. П. Гуманитарный суверенитет и идеологическая функция государства // Юридическая наука: история и современность. – № 9. – 2016. – 289 с.,
8. Кутафин О.Е. Российский конституционализм. – Москва, 2008. – 301 с.
9. Современная Турция? Тренды развития и значение для России. – Москва, 2019. – 54 с.
10. Азербайджанство // Электронды ресурс:
https://multiculturalism.preslib.az/ru_a2.html
11. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың бірлескен парламент палаталарының отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 2019 жыл 20 наурыз. – 17 б.